

# **Автокөлік зарядтағышы ACEFAST Car Charger [B3] Пайдалану бойынша нұсқаулық**

## **Жұмыстың басталуы**

1. Зарядтағышты 12–24 В автомобиль розет-касына қосыңыз.
2. Құрылғыны зарядтау үшін USB немесе USB-C кәбілін пайдаланыңыз.
3. Құрылғыны қорғау үшін ол толық заряд-талғаннан кейін оны өшіріңіз.
4. Зарядтағышты пайдаланбаған кезде немесе қозғалтқышты іске қоспаған кезде зарядтағышты қуат көзінен ажыратыңыз.
5. Төзімділікті қамтамасыз ету үшін заряд-тағыш автокөліктің қуат көзіне қосылған кезде оны шайқамаңыз.

## Ескерту

Осы өнімді қолданар алдында барлық нұсқаулар мен ескертулерді оқып шығыңыз. Дұрыс пайдаланбау өнімге зақым келтіреді.

1. Бұл өнімді жоғары температурада, күшті жарықта және күшті магнит өрісіне жақын жерде сақтамаңыз, қызуды, өртті немесе электр тогының соғуын болдырмау үшін оны от көзі сияқты басқа қатал ортаға қоймаңыз.
2. Зарядтау кезінде шамадан тыс кернеу, шамадан тыс ток немесе шамадан тыс температура орын алса, зарядтағыш зақымдануды болдырмау үшін зарядтауды автоматты түрде тоқтатады. Қалыпты күйге оралғанда, зарядтау жалғасады.
3. Бұл құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.
4. Зарядтау құрылғысын дымқыл қолмен ұстамаңыз немесе оны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Электр тогының соғуын, күйіп қалуды немесе жабдықты зақымдауды болдырмау үшін шығыс қуаты осы өнім үшін рұқсат етілген ауқымнан асатын өнімдер үшін зарядтау құрылғысын пайдаланбаңыз.

## Құрылғы мақсаты

Автокөлікті зарядтау құрылғысы мобильді құрылғыларды автокөліктің борттық желісінен зарядтауға арналған.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: В3.
- Сауда белгісі: ACEFAST.
- Жалпы қуаты: 66 Вт макс.
- Кіріс: DC 12–24 В.
- USB-C1 шығысы: 5В=3А, 9В=3А, 12В=3А, 15В=2,4А, 20В=1,8А (36 Вт макс.)
- USB-C2 шығысы: 5В=3А, 9В=3А, 12В=2,5А, 15В=2А, 20В=1,5А (30 Вт макс.)
- USB-C1+USB-C2/USB-A шығысы: 66 Вт макс.
- USB-C2+USB-A шығысы: 25 Вт макс.
- USB-C1+USB-C2+USB-A шығысы: 36 Вт+25 Вт макс.
- Материал: мырыш қорытпасы.
- Өлшемі: 39,8 × 39,8 × 65,7 мм.
- Салмағы: 46 г.

## Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

## **Сақтық шаралары**

- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты адамдардың бақылауы жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын

үй-жайларында ауаның 5 және 40 °C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.

- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының басшылығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** ШэньЧжэнь Хоушүся Тэкнолоджи Ко., ЛТД.  
203 каб., 2-ші қаб., С ғим., Юс Пайонир Парк,  
Цзяньшэ шығыс тас жолы, Цинхуа комьюнити,  
Лунхуа көш., Лунхуа ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

**Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы:** info@dns-shop.kz

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі мен техникалық сипаттамалары сапаны жақсарту үшін ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы және функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

v.1

**EAC**